

АЛЫСТАҒАН АҒА АЛАСАРМАЙДЫ



Басы 1-бетте

Әкелері салған сара жолмен жаза баспай жүруді мұрат тұтқан Қуатжан мен Сейітжан ағаларымыздың есімдері де елге танылып, тектінің тұяқтары атанды. Нақтылай айтар болсақ, Қуатжан аға Досжанов Арал аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы, облыстық партия комитетінің бөлім меңгерушісі, облыстық атқару комитеті төрағасының орынбасары қызметтерін абыройлы атқарып, Сыр елінің енесін тіктеуге өзіндік қолтаңбасын қалдырды. Ендігі сөз кезегін бүгінгі жазбамыздың кейіпкері Сейітжан аға Досжановтың өнегелі де өркенді өмір жолына берелік.

Иә, ақбас толқындары тулаған, шағалалары шулаған Арал теңізінің жағасында өмірге келген ағамыздың балалық бал дәуірені күлкісіз күндер мен ұйқысыз түндермен өткен. Ол елдің аузынан ашаршылыққа жеген құйқанын дәмі әлі кетпеген уақытта өмір есігін ашып, барыжоғы алты жасында, яғни буыны бекіп, бұғанасы қатаймай жатып асыраушыларынан көз жасып қалғандықтан ерте есейеді.

Сейітжан ағамыздың балалық шақтың бал дәмін татқан сәтте Ұлы Отан соғысы да басталып кетті. Содан болар, тіршілік үшін тіртінектеп балық аулап, үйдің асыраушысы болады. Бертін келе білім алуға деген арман жетегіне жүгінеді.

Аңсаған арманына жетулі мұрат тұтқан Сейітжан аға С.Киров атындағы университетінің экономика факультетінен дәріс алып, үздік дипломын иеленіп, 1957 жылы туған топырағына оралады. Сәкен ерлікке толы еңбек жолын «Аралтұз» комбинатында қатардағы шебер болудан бастады. Бертін келе бөлімше басшылығында болып, өзінің білімділігі мен біліктілігінің арқасында өзгелерден оқ бойы оза шауып, 1963 жылы осы «Аралтұз» комбинаты бас директорының орынбасары қызметіне тағайындалса, 1965 жылы бас директор лауазымын иеленеді.

Кезінде, жоғарыда айтқандай, Кеңестер Одағында ас тұзын өндіретін бары-жоғы екі ғана комбинат, бірі Ресейде, енді бірі осы «Аралтұз» болатын. Осы комбинатқа табаны күректей 20 жыл бойы басшылық жасап, оның атын елімізге ғана емес, Одаққа танымал еткен Сәкеннің игілікті істерін әлі күнге дейін аралдықтар аңыз ғып айтумен жүр.

– Мен, – деп еске алады Рамзан Танатаров, – сол жылдары өндіріс бөлімінде инженер болып қызмет атқаратынымын. Осы жылдары Сейітжан ағамыздың ұтымды ұйымдастырушылық қабілеті мен ересен еңбегінің арқасында комбинаттың материалдық-техникалық базасы орасан зор нығайтылды. Саралап айтар болсам, 1980 жылдары сағатына 100 тонна ас тұзы қазылатын болса, Сәкен келісімен жаңа комбайндар алынып, ас тұзын қазу сағатына 200-250 тоннаға жеткізілді.

Екіншіден, тұз кенгіру цехы мен тұз қалтайатын цех іске қосылды. Үшіншіден, комбайн, тепловоздарды жөндейтін депо ғимараты салынып, жарылғыш заттар сақтайтын қойма мен май құю бекеті іске асты. Жаңадан үш бу қазандығы іске қосылып, өндіріс бөлімдері ғана емес, тұрғын үйлер мен мектеп, балабақша ғимараттары орталық жылу жүйесіне қосылды.

– Ал, мен, – дейді Жаксыбай Құлманбетов, – 1966 жылы мектеп бітірісімен комбинатқа жұмысқа орналастым. Айтпағым, Жаксықалыш кенті мен Арал қаласы арасындағы жол қатынасы мүлдем нашар болатын. Сейітжан ағамыз комбинат басшылығына келісімен осы жол қатынасын жақсартуды шұғыл қолға алып, асфальт төсеп, жобаға келтіріп, ауыл тұрғындарының алғысын алды. Сондай-ақ Сәкеннің тапсырысымен комбинаттың құрылыс цехында тұрғын үйлердің есік-терезелері дайындалып, жарыса тұрғын үйлер салына бастады. Үстіне жұмысшы киімін киіп жүріп жұмыс барысын үнемі бақылауда ұстайтын. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні сол, комбинаттың Одақ бойынша толық өнеркәсібі өндірушілері арасында тоқсан қорытындысы бойынша 33 рет ауыспалы Қызыл Ту жеңіп алуы Сейітжан ағамыздың ересен еңбегінің жемісі болса керек.

– Мен комбинатта қатардағы жұмысшы болатынымын. Айлық табысымыз бары-жоғы 68 сомнан аспайтын. Қалай басшылыққа Сейітжан аға келді, айлығымыз 250 сомға дейін көтерілді. Ай сайын сыйақы да алатынымыз. Сондай-ақ Сәкеннің тапсырысымен жұмысшыларға ет, балық, бақша өнімдері өте арзан бағамен берілетін.

Тағы бір игілікті ісі мектеп жанынан жаңа ғимараттар бой көтеріп, оқушылардың сапалы білім, саналы тәрбие алуларына жағдай жасалды. Ауыл көшелері мен тұрғын үйлер тазалығын үнемі бақылауда ұстайтын, – дейді Сағидолла Кішкенебаев.

Жоғарыда айтқандай, Сейітжан ағамыздың ас тұзы комбинаты ғана емес, «Аралтұз» елді мекенінің өсіп, өркен жаюына қалдырған қолтаңбасы орасан зор. Елдің батасын алып, ықыласына бөленуге ұмтылды. Артында өшпес із бен өлмес іс қалдыруға барын салды. Нақтылай айтар болсақ, комбинаттың қаржылай қолдауымен жарыса тұрғын үйлер салынып, көшелер көріктенге түсті. Ашық алақанды Сәкеннің қамқор қолы арқасында тұрғындар кәсіптерінен несібе теріп, тұрмыстарын түзей түсті.

Сейітжан аға қызметін қалтқысыз атқарумен ғана шектелмей, қоғамдық жұмыстардан да қағыс қалмайтын. Ауыл тұрғындарының аманатын арқалаған ол заманында дүркіреп тұрған аудандық партия комитетінің пленум мүшесі, аудандық кеңестің депутаты болып тұрақты түрде сайланды. Айтқандай, Сәкеннің осында жүріп Қазақстан Компартиясының XV съезіне делегат болып сайла-

нуы екі адамның бірінің басына бұйыра бермейтін бақ болатын.

Сейітжан ағамыздың «Аралтұз» комбинатында атқарған қыруар қызметін санамалап айту әсте мүмкін емес. Біздің бұлай тоқтам жасауымызға Сәкен басқарған жылдары аты әлемге мәшһүр болған комбинаттың Бүкілодақтық Социалистік жарыстың жыл сайын жеңімпазы атанып, Қызыл Туды тұрақты түрде ұстап тұрғаны сеп болып отыр.

Еңбекті елеу, азаматқа лайықты құрмет көрсету, халық болып ризашылық таныта білу де – елдіктің, қоғамдық кемелдіктің белгісі. Сейітжан Досжановтың ел мүддесі жолындағы ересен еңбегі ескерусіз қалмай, мемлекет тарапынан лайықты бағаланып, «Өнеркәсіп саласының еңбек сіңірген қызметкері», «Азық-түлік саласының еңбек сіңірген қызметкері» атақтарына ие болып, Қазақстан Жоғарғы Кеңесі Президумының «Құрмет грамотасымен» марапатталды. Сондай-ақ «Құрмет белгісі», «Еңбек Қызыл Ту», «Октябрь революциясы» ордендерімен, ондаған еңбек және мерекелік медальдарын иеленді.

Сейітжан аға Досжанов 1985 жылы Алматыға қоныс аударып, қала тұрғындарын азық-түлікпен қамтамасыз ету мекемесінің басшысы қызметіне тағайындалса, 1987 жылы «Қапшағай» шаруашылығының басшылығына барады. Қандай бір жерде қызметте жүрсе де, сол елдің ынсабының берекеcін базарға айналдыратын Сәкен бұл ауылды ажарландыруда да өз қолтаңбасын қалдырды. Береке демекші, іскер де ұсынысты басшы қай шаруашылыққа келсе сол шаруашылықтың тіршілігін түзеп қана қоймай, жергілікті жер тұрғындарының әлеуметтік, тұрмыстық, мәдени мәселелеріне де бел буа кірісіп кететін. Абзал аға қызмет еткен бұл ауылда да тұрғын үйлер мен әлеуметтік нысандар құрылыстары бірінен соң бірі жарыса бой көтеріп жататын.

Сейітжан ағамыздың осы ауылда басшылықта жүргенде жасаған ерлікке тән бір еңбегін айтпақпа болмас. Сонау 1970-1980 жылдары Арал теңізі келмеске кетіп, теңіз жағалауындағы тұрғындар басқа аймақтарға үдіре көшіп жатты. Жерлестерінің тұрмыс тауқыметтері жүрегін жаралаған Сәкен Арал жағалауындағы 300 отбасын «Қапшағай» жағалауына алдырып, тұрмыстарының түзелуіне өз септігін тигізді. Қазақ әдебиетінің абызы, Қазақстанның халық жазушысы Әбіш Кекілбаевтың: «Оңай кезде ойсырата іс тындыруға өркім де құштар. Қиын кезде бел бууға ел қамын жейтін ер жүректілер ғана тәуекел ете алады» деген керемет сөзі көптің бірі – Сәкен үшін де айтылғандай.

Халқымыздың ұлттық танымын бойтұмардай қастерлеп, ісі қазаққа ізгілік пен ізеттің жолын сыйлаған Сейітжан ағамыз 1996 жылы зейнет демалысына шығады. Қауқары қайтпаған ағамыз қол қусырып қарап отыруды қаламайды. Бұл өмірден

өткенше Арал балаларын құтқару қоры – «Шапағатқа» басшылық жасап, экология қасіретіне шалдыққандарға қамқор қолын созумен ғұмыр кешті.

Иә, атам қазақ: «Қосағыңмен қоса ағар» деген ғой. Жаратқан ие Сейітжан ағамызға 1957 жылы Нұрмаханова Мария есімді жаны жайсаң жар беріп, шуақты шаңырақтарын көтереді. Мария жеңеміз де текті әулеттің тұяғы болатын. Содан да қос қайың арасындағы шынайы махаббат, сыйластық, сенім мен сезім көпшілікке үлгі болатындай-ақ деп ел-халық тамсанатын. Алматыдағы қазақ педагогикалық институтынан дәріс алған, ұлағатты ұстаздықты үлгі етіп, «Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі» атағын иеленген Мария жеңеміздің ошағында қайнап жатқан қазан арылмайтын, дәмге толы ақ дастарқан жиналмайтын. Жеңеміздің аялы алақанынан даярланған астың дәмін татпағандар кемде-кем болар.

Сейітжан ағамыз бен Мария жеңеміз бұл өмірге төрт ер бала мен екі қыз баланы әкеліп, ұлдарын ұяға, қыздарын қияға қондырып, қызықтарына кенелді. Текті тұлғалармен құдалдалы-кекжат болып, қанаттарын кеңге жайды. Сондай құдаларының бірі кезінде Арал аудандық атқару комитетінің төрағасы болған Әуелбек Медетбаев, аркалы ақын Сырбай Мәуленов, генерал-майор Салыбай Құсайынов пен экономика ғылымының докторы, академик Яхия Әубәкіров ағаларымыз болатын.

«Әке көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер» деп атам қазақ айтқандай, балдарының бәрі дерлік жоғары білім алып, сан алуан салаларда қалтқысыз қызмет жасады. Саралап айтар болсақ, Гүлнар мен Әділгерей қаржыгер, Бауыржан, Айгүл мен Бейғайдар құқық қорғау саласында еңбек етсе, кенжелері Бекнұр бүгінде Алматы қалалық әкімдігіне жауапты қызметте жүр.

Иә, өмір деген осы. Сексен тоғыз жастың сенгіріне шығып, артында өлмейтұғын іс пен өшпейтұғын із қалдырып, ғибратты ғұмыр кешкен Сейітжан ағамыз 2021 жылы бұл өмірден озып, Алматының «Кенсай-2» қорымына қоныс тепті. Жатқан жері жайлы болсын.

Сөз соңында көп көкейінде жүрген бір ұтымды ұсынысты айтпақпа болмас. Біз жақсы адамдардың, олардың елінің кемел келешегі үшін жасап кеткен игі істерін ұлықтап, ұрпақтарға үлгі етуге келгенде құлықсызбыз. Сейітжан Досжановтай ардақты аға, абзал азаматтың жарғақ құлағы жастыққа тимей жүріп атқарған қаншама игі істерінің бүгін жемісін жеп, игілігін көріп отырмыз. Осындай абзал жанға өзі туып-өсіп, тер төккен елді мекен, яғни аудан орталығынан көше атауын берсе қандай ганибет болар еді. Туған топырағы үшін қанатымен су сеуіп, «Арал ауданының құрметті азаматы» атағын иеленіп, ғибратты ғұмыр кешкен Сейітжан аға Досжанов есімін ұрпақтарға ұлағат ету – біздің өтелмеген парызымыз.

Атам қазақта: «Тау алыстаған сайын биіктей түседі» деген аталы сөз бар. Сол айтқандай-ақ, Сейітжан аға Досжановтың бітім-болмысы бізден алыстаса да аласармайды, қайта ұрпақтары сабақтастығымен жыл өткен сайын биіктей бермек.

Бигали ҚАЮПОВ,
Мемлекет және қоғам қайраткері,
Қызылорда облысының құрметті азаматы
Еркін ӘБІЛ,
Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Арал ауданының құрметті азаматы

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Казхастанско-Китайский Трубопровод» в соответствии со статьей 96 Экологического кодекса РК сообщает о проведении общественных слушаний по «проект корректировка нормативов допустимых выбросов, проект нормативов допустимых сбросов, проект программы управления отходами, проект программы производственного экологического контроля, проект плана мероприятий по охране окружающей среды для объектов магистрального нефтепровода «Кенкияк-Кумколь».

03.12.2025 года, 15:00 часов, Кызылординская область, Аральский район, Аральская г.а., г.Аральск улица Астана, 33 Идентификатор 852 2260 3776 код: 123.

Территория воздействия- ОАВП «Аральск» Кызылординская область, Аральский район

Замечания и предложения принимаются в срок не позднее, чем за 3 рабочих дня до даты проведения общественных слушаний с помощью prd@korda.gov.kz и по номеру телефона 87242605362.

Для запроса копий документов просим обращаться по почте info_ecopolis@mail.ru.

Инициатор, намечаемый деятельности Заказчик: ТОО «Казхастанско-Китайский Трубопровод». БИН 040740001832, телефон +7 701 990 7026 - Ахметова Асель.

Разработчик проекта: ТОО «Ecopolis Technologies», БИН 160140027333, телефон +7 701 148 8587, г.Астана, ул.Бөлекпаева 1, к 83. e-mail info_ecopolis@mail.ru.

ХАБАРЛАМА

«Қазақстан-Қытай құбыры» ЖШС Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің 96-бабына сәйкес ««Кенкияк-Кумколь» магистральдық мұнай құбырының стандарттарын түзету жобасы, рұқсат етілген төгінділер стандарттарының жобасы, қалдықтарды басқару бағдарламасының жобасы, өнеркәсіптік экологиялық бақылау бағдарламасының жобасы және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспарының жобасы» бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізілетінін хабарлайды.

2025 жылғы 3 желтоқсан, сағат 15:00, Қызылорда облысы, Арал ауданы, Арал қалалық ауданы, Арал қаласы, Астана көшесі, 33. ID: 852 2260 3776. Код: 123.

Әсер ету аймағы: ОАВП «Аральск» Кызылорда облысы, Арал ауданы.

Түсініктемелер мен ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмей prd@korda.gov.kz электрондық пошта-сы және 87242605362 телефон номері арқылы қабылданады.

Құжаттардың көшірмелерін сұрау үшін info_ecopolis@mail.ru электрондық поштасына хабарласңыз.

Жоспарланған іс-шараның бастамашысы Тапсырыс беруші: «Қазақстан-Қытай құбыры» ЖШС. БСН 040740001832, телефон +7 701 990 7026 - Ахметова Асель.

Жобаны әзірлеуші: «Ecopolis Technologies» ЖШС, БСН 160140027333, телефон +7 701 148 8587, Астана қ., Бөлекпаев к-сі. 1, 83 кабинет. info_ecopolis@mail.ru электрондық поштасы.

БАЛАМ, ОТПЕН ОЙНАМА!

Балалар – біздің болашағымыз. Бірақ біз олардың өмірі қызықты әрі бақытты болып, қайғылы жағдайға тап болмауын ығи ойлаймыз ба?!

Өкінішке орай, бұл жайды барлық ересек адам есіне сақтамайды. Балалардың отпен ойыны қайғылы жағдайға әкеліп соғатынын әр ата-ана ұмытпағаны абзал. Оттың зардаптары мемлекетке, әрі азаматтардың жеке дүние-мүлкіне де өз залалын тигізеді. Және отпен ойнағандар қайғылы қазаға да ұшырайды.

Мұндай жағдайлар қалай болады? Көпшілігінде ересек адамдар кінәлі. Өз бетінше үйде бақылаусыз қалған балалар тұйын салынған ойындармен ойнап тіріңкі етпек етеді. Отпен ойын адамға қайғы әкелетіні олардың есіне де

кірмейді. Мұндай жағдайлар ата-аналары электр құралдарын, жанып жатқан пешті бақылаусыз қалдырып, сіріңкені балалардың қолы жетпейтін жерге жасырып кетпегендіктен болады.

Бала отпен ойнауға болмайтынын түсінуі үшін, оған осы жайлы ығи есіне салып отыру керек. Отпен ойнаған баланың тентектігі жайлы кітапты оқып берген де орынды.

Есіңізде болсын, балалардың отпен ойнауына қарсы күрес бұл өртінен ғана күрес емес. Бұл ең алдымен біздің балаларымыздың бақытты, қуанышты, шат өмірі үшін күрес.

Арал аудандық Төтенше жағдайлар бөлімі



САҒЫНДЫҚ СЕНІ, ЖАН АНА



Жалған дүние-ай десеңші... Бес күндік мынау жалғанда адам баласы Алланың өлпеп берген ғұмырынан артық жасай алмайтын бірлесек те, «қанаты бүтін сүңкар, тұяғы бүтін тұшар жоқ» деп

өзімізді жұбатпақ боламыз. Алайда жарлы жанымызды жұбатар ем бар ма екен?! Түнімен бесік таянған, перзенті үшін оянған қадірліміз, адал жар, аялы алақанды ана, ақ баталы әже бола білген асыл анамыз **Несібей Тынымбаеваның** қазасы жанымызға айықпас дерт салып кете барды. Қадірліміздің был 73 жасқа қараған шағында ғұмыр дариясы мәңгілік арнаға ауысқанына сене алар емеспіз.

Иә, аяулымыз 1952 жылы 12 қазанда Сайғонды ауыл советінде дүниеге келді. Мектеп бітіріп, ата-анасымен Аралға қоныс аударды. Шаңырақ көтеріп, жарық дүниеге 3 ұл, 4 қыз әкеліп, алтын құрсақты ана атанды. Оларды қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға

шоқтырмай, өмірдегі орындарын табуы жолында аныбады. Бекер айтпаған «Бес күндік жалған ғұмыр» деп, Ажал – ақиқат, ол жайлы айтар ұғым көп. Тілекші болып жүруші ең, ана, әрқашан. Тілегімізді тілеп тұрмысың көктем күлімдеп?!

Асыл әжемдізін, аяулы анамыздың 100 күндік садақасы 1 қараша сағат 12:00-де, Сар-тай батыр көшесі №48 үйде берлетінін бар-ша ағайын-туыс, құда-кекжат, көрші-көлем, дос-жарандарға хабарлаймыз. Алла мәңгілік мекеніңді жұмақтан етпей, жан ана.

Балалары, немерелері